

ГЕОГРАФИЯ – КЕДЕРГІ ЕМЕС, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – ДАМУ КЕПІЛІ

ТЕҢІЗГЕ ШЫҒАР ЖОЛЫ ЖОҚ
ЕЛДЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

2025 жылғы 05 тамызда Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясының ашылу салтанатына дейін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуі өтті. Басқосуда аймақ елдері ынтымақтастығының басым бағыттары талқыланды.

Мемлекет басшысы Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясында сөз сөйлеп, ең әуелі конференцияны шақыру бастамасын көтергені үшін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдірді.



Фотосурет akorda.kz сайтынан алынды

ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ МӘНГІЛІК МҰРАСЫ

Биыл қазақ халқының маңдайына біткен, әлемдік деңгейдегі кемеңгер ойшыл, ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Осы айтулы мерейтойға орай Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешенінде «Тарих. Тағдыр. Тұлға» тақырыбы аясында көпформатты кеш ұйымдастырылды. Бұл шара Абайдың мәңгілік мұрасын жаңғыртып, ұрпақ санасына сіңіруге арналған маңызды іс-шара болды.

Кеш Абайдың өмір жолы мен шығармашылығы туралы деректі фильмнің көрсетілімімен басталды. Бұл фильм хәкімнің тарихи тұлғасын, қазақ қоғамындағы орнын айшықтап, келушілерге терең ой салды. Кеш барысында «Абай кім? Оның қандай шығармаларын білесіз?» деген сұраққа жауап беруде жастар мен үлкендер бірдей белсенділік танытып, Абайдың дара портретін жан-жақты аша түсті. Бұл өзара диалог көрермендердің Абай мұрасына деген қызығушылығын арттырып, оның шығармашылығын қаншалықты терең білетінін көрсетті.

Абай Құнанбайұлы – тек қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, сонымен қатар, ұлтымыздың қайталанбас брендіне айналған философ, сазгер, аудармашы және саяси қайраткер.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ



АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Фотосурет қалалық әкімдіктің баспасөз қызметінен алынды

Әдеттегідей сәрсенбінің сәтінде Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев кезекті рет азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Мемлекеттік орган өкілдері мен қоғамдық кеңес мүшелері бірлесіп ұйымдастырған жиынға қалалық мәслихаттың депутаты Ақмарал Бекбаева да қатысты.

Қабылдау барысында көтерілген мәселелердің басым бөлігі қаланың инфрақұрылымына арналды: жол жөндеу, көше шамдарын орнату, газдандыру жұмыстары және баспанамен қамту жайы тілге тиек етілді. Сонымен қатар әлеуметтік көмек көрсетуге қатысты сұрақтар да назардан тыс қалған жоқ.

Жыл басынан бері Қосшы қаласында 12 шақырымнан астам жол жөнделді, оның ішінде 5 шақырымға асфальт толық төселіп, қалған бөлігі қиыршық таспен тегістелетінін айта кету керек.

ГАЗ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Қосшы қаласы мен оған іргелес жатқан Тайтөбе ауылында газдандыру мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жоспарлы әрі кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл бастамалар «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» атты 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы және Астаналық агломерацияны дамытудың кешенді жоспары аясында қолға алынған.

Қосшы қаласында газдандыру жұмыстары 2024 жылдың мамыр айында басталып, жобаны «Алия Сервис» ЖШС мердігер ұйымы жүзеге асыруда. Жалпы, жоба 23 айға жоспарланған.



Фотосурет автордiң

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТӨРТ ОЙЫН АЛАҢЫ АШЫЛАДЫ

Жақын арада Қосшы қаласында балаларға арналған тағы 4 жаңа ойын және спорт алаңы пайдалануға беріледі. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының негізгі бөлігі аяқталып, соңғы әрлеу кезеңіне жетті. Заманауи талаптарға сай салынған бұл алаңдарда балалар үшін ойын элементтерімен қатар футбол ойнауға арналған шағын алаң да қарастырылған.

Алаңдарды салу жұмыстарын «Arm Stroy» және «BM HOLDING» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері атқаруда. Бұған дейін де аталған екі мердігер қала аумағында бірнеше әлеуметтік-инфрақұрылым нысандарын жүзеге асырған.

Қосшы қала болғалы соңғы 4 жылда біздің шаһарда 25 балалар ойын және спорт алаңы салынғанын айта кету керек.

АШЫҚ ӘКІМДІК

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар бірнеше шағын көшелерге тротуарлар салынып, жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасалды.

Сондай-ақ 2025 жылы 600-ге жуық көше шамы орнатылды, ішінара жаңартылды. Энергия үнемдейтін жаңа үлгідегі жарықтандыру құрылғыларының арқасында көшелердің жарықтандырылу деңгейі айтарлықтай жақсарды.

Газдандыру жұмыстары да жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Бүгінде Қосшы қаласындағы тұрғын үйлердің шамамен 82 пайызы газ желісіне қосылған. Көгілдір отынмен қамту ісі қалған секторларда да жалғасып жатыр. Әсіресе жаңадан салынған тұрғын үйлерге инженерлік инфрақұрылым жүргізу белсенді жүргізілуде.

Ал баспана мәселесіне келсек, қала бойынша үй кезегінде 1 342 адам тіркелген.

Өз тілшімізден

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

ГАЗ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ҚАЛАЙ ДАМУДА?



(Басы 1-бетте)

Газбен қамту жұмыстары бірнеше пусктік кешендерге бөлініп, кезең-кезеңімен іске қосылмақ:

- 1-пусктік кешен – Республика көшесінің сол жағынан Абая көшесіне дейін, оң жағынан Ұлы Дала көшесіне дейінгі абоненттерді қамтиды;
- 2-пусктік кешен – Абай көшесінен 19 және 20-шағын аудандарға дейінгі аумақты қамтиды. Бұл учаске 2026 жылдың II тоқсанында іске қосылмақ.

Жоба аясында бүгінге дейін 155 шақырымнан астам газ құбыры тартылды. Оның ішінде 2 км жоғары қысымды газ құбыры (100%), 30,1 км орташа қысымды құбыр (70%), 123,3 км төмен қысымды желі (34%) салынды.

Сондай-ақ Тайтөбе ауылын газдандыруға қатысты жұмыстар 2022 жылы жобалық-сметалық құжаттаманың әзірленуінен басталып, 2024 жылы нақты іске кірісті. Конкурстың нәтижеге сай «Газовое хозяйство Шымкентгаз» ЖШС мердігер болып таңдалып, құрылыс-монтаж жұмыстары 2025 жылдың 4 шілдесінде басталды. Қазіргі күнге дейін ауылда 4,2 шақырым төмен қысымды ішкі кварталдық желілер төселді.

Ауыл тұрғындары үшін бұл – ұзақ жылдардан бері күткен жаңалық. Себебі бұрын Тайтөбе халқы қатты отынға тәуелді болатын. Жоба Қосшы қаласындағы газ жүйесіне қосылып, толықтай орталықтандырылған газбен қамтамасыз етілмек.

Тайтөбе ауылында су құбыры желілерін

Олардың қатарында көпбалалы отбасылар, әлеуметтік осал топтар және мемлекеттік қызметкерлер бар. Жергілікті атқарушы орган тарапынан бұл бағытта нақты қадамдар жасалып, жаңа тұрғын үй кешендері жобалануда.

Қабылдау барысында тұрғындардың барлық сұрақтарына заң аясында түсініктемелер беріліп, күрделі мәселелерді шешу жауапты бөлім басшыларына жүктелді. Әкімдік өкілдері азаматтардың ұсыныс-пікірлерін назарға алып, олардың әрқайсысы бойынша жұмыс жүргізілетінін жеткізді.

Қосшы қаласының әкімдігінде азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау әр апта сайын сәрсенбі күні сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін тұрақты түрде өткізілетінін естеріңізге саламыз.

«ЖЕТІ ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ФЕСТИВАЛІНЕ ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСУДА

БӨРЕКЕЛДІ!

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай, Абай облысында республикалық деңгейде ұйымдастырылып жатқан «Жеті қазына» ұлттық мәдениет, спорт және туризм фестиваліне еліміздің түкпір-түкпірінен делегациялар жиналуда. Бұл айтулы шараға Ақмола облысының құрамында Қосшы қаласының да өкілдері қатысып отыр.



Фестиваль аясында өтетін «Ер жігіт» байқауында Ақмола облысының намысын дарынды әнші, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі Асқар Мұқият қорғайды. Өнер мен мәдениетке, спорт пен салт-дәстүрге деген ерекше көзқарасты талап ететін байқауда Асқардың шеберлігі мен азаматтық болмысы сынға түседі.

Ал «Сұлу әйел» байқауында Қосшы қаласының мақтанышына айналған тұлға – жеке кәсіпкер, Қосшы қаласы Аналар кеңесінің төрайымы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің

жастармен тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің директоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы Әйгерім Көкеева бақ сынайды. Ол ұлттық болмыс, парасат пен білім, сұлулық пен заманауи келбет үйлесімін паш етеді.

Фестиваль – ұлттық құндылықтарды дәріптеп, өңірлер арасындағы мәдени байланыстарды арттыратын тағылымды алаң. Қосшы қаласының атынан қатысушыларымыздың ел намысын абыроймен қорғап, жеңіс биігінен көрінетініне сенім мол.

Қатысушыларға сәттілік тілейміз!

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТӨРТ ОЙЫН АЛАҢЫ АШЫЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

Оның ішінде 13 алаңды «Arm Stroy» ЖШС, ал 8 нысанды «BM HOLDING» ЖШС тұрғызған. Қалған алаңдар жергілікті кәсіпкерлер мен мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асқан. Жаңа салынып жатқан 4 алаң пайдалануға берілген соң, қаладағы жалпы ойын және спорт алаңдарының саны 29-ға жетеді.

Бүгінде Қосшы қаласы бойынша 18 жасқа дейінгі 12 мыңнан астам бала тіркелген. Оның ішінде 4 300-ге жуық оқушы мен жасөспірім спорт үйірмелері мен секцияла-

рына тұрақты қатысады. Бұл – жалпы бала санының шамамен 36 пайызын құрайды. Ең танымал спорт түрлері: футбол, күрес, дзюдо, гимнастика және шахмат.

Қала әкімдігі балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын ұстануына, қауіпсіз әрі қолайлы ортада өсуіне ерекше мән беріп отыр. Жыл сайын ойын алаңдарын салуға және спорт инфрақұрылымын кеңейтуге қаржы бөлініп, жаңа жобалар іске асып келеді.

Өз тілшімізден

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

МӘДЕНИ ӘРТҮРЛІЛІК – ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басты басымдықтарының бірі – этносаралық келісім. Тәуелсіздік алған сәттен бастап ел барлық этностардың теңдігі, төзімділігі және өзара құрмет принциптеріне негізделген қоғамдық келісім мен бірліктің бірегей моделін жүйелі түрде қалыптастырып келеді.

Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Этносаралық қарым-қатынастардың үйлесімділігін қамтамасыз ету мемлекеттің тұрақтылығы, қауіпсіздігі мен орнықты дамуының маңызды факторы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың барлығына, олардың ұлтына, дініне немесе тіліне қарамастан, тең құқықтар мен бостандықтарға кепілдік береді.


Этносаралық диалогты дамытуда Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі ерекше. Ол Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған. Ассамблея – қоғамдық келісімді нығайтудың, мәдени әртүрлілікті дамытудың және көпұлтты қоғамда бірлік саясатын іске асырудың бірегей алаңы.

Мемлекет ұлттық-мәдени орталықтарды қолдауды, ана тілдерінде білім беру жүйесін

дамытуды, бұқаралық ақпарат құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз етуді және Қазақстан халықтарының мәдени мұрасын сақтау бағытындағы бағдарламаларды іске асыруды жалғастырып келеді.

Этносаралық келісім – бұл мұқият сақтап, үнемі дамыту қажет құндылық. Қоғамдағы бейбітшілік пен келісім әрбір азаматтың әлауқаты мен еліміздің тұрақты дамуына тікелей әсер етеді.

У.Молдахетова,
«Pespublica» партиясы» ҚБ мүшесі



Бетті дайындаған:
Дәулет Асау, Бас редактор
+77074975733
t.me/DauletKali Asauov
bi_barys01@mail.ru

ТУРІКМЕНСТАН, АВАЗА ҚАЛАСЫ

ГЕОГРАФИЯ – КЕДЕРГІ ЕМЕС, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – ДАМУ КЕПІЛІ

ТЕҢІЗГЕ ШЫҒАР ЖОЛЫ ЖОҚ ЕЛДЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің проблемаларын шешуге және мүмкіндіктерін пайдалануға бейіл танытқаны үшін БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке алғыс айтты.

– Жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның алғашқы конференциясын өткізіп, жетекші рөл атқарды. Яғни еліміз бұл үздіксіз үдеріске бастапқы жылдардан бері қатысып келеді. Осы тарихи оқиға барысында Алматы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мәселелерін жаһандық дамудың күн тәртібіне тұңғыш рет шығарды. Бүгін біз алдымызда тұрған міндеттерді одан әрі ілгерілету мақсатында Авазада бас қосып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, осы топ құрамындағы 32 дамушы елде жарты миллиардтан астам адам тұрады. Олардың көпшілігі қаржыландыруға және технологияға қол жеткізуде, сондай-ақ жаһандық нарыққа жол табуда кездесетін кедергілермен бетпе-бет келеді.

– Аймақтағы шектеулі байланыс – теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің басты проблемасы. Бұл транзит және сауда шығыны, сондай-ақ геосаяси факторларға осалдық секілді біршама экономикалық қиындық тудырады. Аталған кедергілер азаматтардың әл-ауқатына әсер етіп, бәсекеге қабілеттілікті төмендетеді. Түрлі қақтығыстар, экономикалық санкциялар, жеткізу тізбегінің бұзылуы және жаһанда сенімсіздіктің белең алуы жағдайды одан әрі ушықтыра түседі. Дегенмен Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ дамушы мемле-



ұмтылысымыз батыл болуы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Аваза іс-қимыл бағдарламасын тұрақты, инклюзивті және орнықты келешекке жеткізер жол картасы ретінде толық қолдайтынын мәлімдеді.

– Бұл маңызды бастама транзиттік елдердің, халықаралық даму ұйымдары мен қаржы институттарының саяси қолдауына ие болуға тиіс. Көлік, энергетика және цифрлы инфрақұрылым сияқты басты секторларға инвестицияны ынталандыруға арналған жаңа қаржы тетіктері керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеруін тағы бір түйткіл

өңір елдерінің ортақ күш-жігері мен белсенді халықаралық қолдау қажет. Дегенмен, менің ойымша, климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары теңгерімді әрі инклюзивті сипатын сақтап, елдердің даму жолындағы сұраныстарына сай болуы тиіс. Климаттық өзгерістермен күреске жұмылу мақсатында Сіздерді келесі жылы сәуір айында Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірге Астанада ұйымдастырылатын Өңірлік экологиялық саммитке шақырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанның серіктестермен бірге аймақтағы өзара байланысты нығайту, цифрлық трансформацияны ілгерілету және

мән береміз. Түпкі мақсатымыз – темір жолдың, автокөлік жолдарының, сондай-ақ авиация мен логистика орталықтарының біртұтас желісін құру. Бұл Қазақстанның Еуразиялық транзит хабы ретіндегі позициясын нығайтады. Қазіргі кезде Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміз арқылы өтеді. Біз сондай-ақ цифрландыруға инвестиция құйып жатырмыз. Астана қаласында Alem.AI жасанды интеллект орталығы құрылды. Жуырда суперкомпьютер іске қосылды. Ғылыми ынтымақтастыққа әрдайым ашықпыз. Серіктестерімізді қатарымызға қосылуға шақырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өңірлік күн тәртібі жөнінде пікір білдіріп, елдердің мүмкіндігі географиямен шектелмейтінін Орталық Азия тәжірибесі көрсетіп отырғанын айтты.

– Қазір теңізге шығар жолымыз болмағанымен, келешекте амалын табамыз. Яғни құрлық арқылы байланыс орнатудың маңызы арта түседі. Біздің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы орнықты. Саяси ерік-жігер, стратегиялық инвестиция мен халықаралық серіктестік болса, теңізге шығатын жолдың жоқтығы кедергі емес, керісінше, өсімге ынталандырады. Орталық Азия өзара тиімді ықпалдастық қанат жайған аймаққа айналғанына куә болып отырмыз. Өңірдің сауда, инвестиция, көлік, байланыс және ресурстарды орнықты басқару салаларында даму әлеуеті жоғары. Екі күн бұрын Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімге қол қойылды. Оның штаб-пәтері Алматыда орналасқан. Бұл тұтас аймақ үшін маңызды жетістік әрі Аваза бағдарламасының игі мақсаттарына толық сай келеді. Қазақстанның осы бастамасын қол-

дағаны үшін БҰҰ Бас хатшысына және Орталық Азиядағы серіктестерімізге тағы да ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мақсаттары мен қағидаттарына бейіл екенін растады.

– Теңіз қатынасы жоқ дамушы елдердің жаһандық күн тәртібінен тыс қалмауын халықаралық серіктестікті нығайту арқылы ғана қамтамасыз ете аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Осы сапар барысында Мемлекет басшысы Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев аталған іс-шара осы санатқа жататын елдердің жағдайына қатысты өзекті мәселелер туралы пікір алмасып, нақты шешімдер әзірлейтін маңызды алаң екеніне назар аударды.

Кездесу барысында сауда-экономика, энергетика, көлік-транзит салаларындағы серіктестікті нығайту мәселелері талқыланды. Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық серіктестікті жан-жақты дамытуға бейіл екенін тағы да растады.

Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясына қатысушы делегация басшылары өңірлік саяси іс-шара аясында Орталық Азия елдерінің көрме павильонына барып, ұлттық нақышта безендірілген Қазақстан экспозициясын тамашалады. Павильонда қонақжайлық пен ырыс-берекені паш ету үшін киіз үй тігілген.

Қонақтарға ұлттық салт-дәстүрлерімізден театрландырылған қойылым ұсынылды.

Сондай-ақ көрмеде Түрікменстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің мәдени мұрасы мен меймандос халқының бай рухани қазынасымен танысуға болады.



кеттерді жаһандық мәселелердің шешімін табуға атсалысатын тең құқылы әрі перспективті серіктес ретінде қарау керек деп санайды. Мұндай елдердің үні анық естілуі тиіс, ал біздің өзара ынтымақтастығымыз терең, ұжымдық

ретінде атады.

– Теңізге шығар жолы жоқ көптеген дамушы ел су тапшылығы, мұздықтардың еруі, шөлейттену секілді экстремалды табиғи құбылыстарға душар болып отыр. Бұл проблемаларды шешу үшін,

ұзақ мерзімді әрі орнықты өсімге ықпал етуді көздейтін елеулі шаралар қабылдап жатқанын жеткізді.

– Біз Орта дәліз және «Солтүстік – Оңтүстік» бағдары бойындағы көлік жолдары мен транзит инфрақұрылымын дамытуға баса

КӨРЕГЕН БАСШЫ ЕЛДІ ӨСІРЕДІ, КҮШТІ МАЙДАН ЕРДІ ӨСІРЕДІ

ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ МӘНГІЛІК МҰРАСЫ

МЕРЕЙТОЙ

(Басы 1-бетте)

Оның 200-ге жуық өлеңі, 3 поэмасы, 50-ден аса аудармасы және саналатын 45 қара сөзі бар. Кеште мәдениет үйінің өнерпазы Мақсат Шайзақ қара сөздерді оқып, жиналған қауымды терең ойға жетеледі. Қара сөздердегі әлеуметтік, моральдық және қоғамдық мәсе-

лелердің бүгінгі күнмен үндестігі оның уақыттан оза туған тұлға екенін дәлелдейді.

Ұлы ақынның шығармашылық мұрасында музыканың орны ерекше. Оның күйлері мен әндері қазақ халқының рухани өмірінен терең орын алған. Кеште «Tartu» этно-фольклорлық ансамблінің орындауындағы «Торжорға» күйі ерекше әсер қалдырды. Бұл күйдің

шығу тарихы, оның «Абай жолы» романындағы суреттелуі көрермендерге қосымша мәлімет берді. Ойнақы, серпінді күй ырғағынан аттың әсем жүрісі айқын сезіліп, тыңдармандарды баурап алды.

Сондай-ақ «Tartu» ансамблінің сүйемелдеуімен «Желсіз түнде жарық ай» әнін Райымбек Айтжан, Баян Жұбанова, Дастан Көшмағанбет және Жаһангер Алдан сынды



өнерпаздар орындағанда, зал толы көрермен бірге қосылып шырқады. Абай әндерінің ырғақтық және мелодиялық ерекшеліктері қазақтың халық әндерінде кездеспейтін тереңдікке ие. Бұл әндер халқымыздың жанына жақын, жүрегінен орын алған мәңгілік туындылар екенін тағы бір дәлелдеді.

Кеш соңында «Абайдың соңғы күндері» деректі фильмі көрсетіліп, хәкім өмірінің соңғы сәттеріндегі мұң мен шері көрермендердің жанынан жас шығарды. Бұл фильм Абайдың тек ақын ғана емес, өз халқының болашағы үшін қайғырған, кемел ойшыл азамат екенін тағы бір рет айшықтап берді. Ақсақал Таңатқан Жұмабайұлының «Бүгінгі басқосудың орны ерекше,

Абайды жаңа қырынан танып, шығармаларымен сусындап, әдемі әсер алдық» деген сөздері кештің маңыздылығын арттыра түсті.

Абайдың 180 жылдығын тойлау – тек мерекелік іс-шара емес. Бұл – ұлы тұлғаның даналығын, терең ойларын, шығармашылық мұрасын жаңа қырынан тануға, оны ұрпақ санасына сіңіруге бағытталған маңызды қадам. Абайдың әрбір сөзі, әрбір әні мен күйі қазақ халқының рухани коды болып қала береді. Оның идеялары – әлемдік мәдениетке қосылған ерекше үлес, адамзат баласының алдында тұрған мәселелерге жауап беретін мәңгілік құндылықтар. Абай мұрасы – ұрпақты имандылыққа, білімге, еңбекке және адамгершілікке шақыратын өлмес қазына.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

«ЖАСЫЛ ЕЛ»
ЖАСТАРЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЖАЛЫНДЫ ІЗ

Қосшы қаласындағы «Жасыл ел» жасақтарының 2025 жылғы еңбек маусымының аяқталуы – бұл жай ғана тазалық жұмыстарының соңы емес, жас жүректердегі жауапкершілік пен патриотизмнің жаңа бір кезеңі. Екі ай бойы 90-нан астам жас қаланың көркеюі үшін талмай еңбек етіп, өздерінен кейін өшпес жасыл із қалдырды.

Бұл жасаққа қатысқан 15 пен 35 жас аралығындағы жастардың арасында әлеуметтік осал топтардан шыққандар, колледж студенттері мен жұмыссыз жастар да болды. Олар қаланың тазалығын сақтап қана қоймай, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнатып, еңбек арқылы шыңдалды. Маусым мен тамыз айларындағы еңбектері үшін әрқайсысы айына 85 000 теңге жалақы алып, қала басшылығының Алғыс хаттарымен марапатталды. Қала әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлы жастарға ерекше алғысын білдіріп, олардың еңбегінің маңыздылығын атап өтті.

«Жасыл ел» – бұл жастарды экологиялық тәрбиеге және елге деген сүйіспеншілікке баулитын бірегей бағдарлама. Ол Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауындағы «Та-

залық – мәдениеттің, сананың және экологиялық жауапкершіліктің көрсеткіші» деген сөзімен толықтай үндеседі. «Жасыл ел» жасақтары Президент айтқан тазалық мәдениетін қалыптастыруға тікелей үлес қосуда.

Одан бөлек, Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Үлгілі аула – 2025» байқауы да осы маусымның маңызды бөлігі болды. Бұл байқау қала тұрғындарының өзара бәсекелестігін арттырып, ұқыптылық пен жинақылықтың үлгісіне айналды әрі «Жасыл ел» сарбаздарының еңбегін толықтырып, дамыта түсті.

«Жасыл ел» Қосшы жастары үшін жауапкершілікті сезінудің, елге қызмет етудің және достық қарым-қатынас орнатудың керемет мектебі болды. Олардың әрқайсысының қалаға қосқан үлесі – болашаққа салынған үлкен инвестиция.

Jana
BastauМеншік иесі –
«Bastau Media» ЖШСДиректор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫБас редактор
Дәулет АСАУБас редактордың орынбасары
Гүлнәз БИСЕНВеб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВАЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Динара ДОСЫМЖАНҚЫЗЫ

Немірдің кезекшісі

Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күнәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редация мекенжайы:

Қосшы қаласы,

Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:

тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com

www.janabastau.kz